

"Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 359 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 11 ақпандағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 ақпанда № 35726 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 359 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24277 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі
2025 жылғы 11 ақпандағы
№ 29 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 7 қыркүйектегі
№ 359 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 170-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін (бұдан әрі – Кадастрлардың бірыңғай жүйесі) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылған негізгі түсініктер мен анықтамалар:

1) ақпараттандыру объектілерін интеграциялау – Қазақстан Республикасында пайдаланылатын деректерді берудің стандартты хаттамалары негізінде ақпараттандыру объектілері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

2) арнайы органдар – осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мемлекеттік кадастрлары мен мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар;

3) Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің кіші жүйелері – табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларының мәліметтерін қамтитын Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрамында іске асырылған компоненттер;

4) Кадастрлардың бірыңғай жүйесі – Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетін бірыңғай жалпымемлекеттік кешенді есепке алу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрларының барлық түрін біріктіретін салааралық ақпараттық жүйе.

3. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мониторингін жүзеге асыратын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, табиғи ресурстардың жай-күйі мен пайдаланылуын есепке алу деректері негізінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы Кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізуді жүзеге асырады.

2-тарау. Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу тәртібі

4. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) кадастрлық ақпаратты өңдеу және ұсыну технологиясының бірлігі;

2) автоматтандырылған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

3) ақпаратты толықтыру мен жаңартудың объективтілігі;

4) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараттан басқа Кадастрлардың бірыңғай жүйесінде қамтылған ақпараттың жалпыға бірдей қолжетімділігі.

5. Кадастрлардың бірыңғай жүйесі мыналарға арналған:

1) табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты оларды шешу үшін мемлекеттік органдарды, ғылыми орта өкілдерін, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарды, мүдделі заңды және жеке тұлғаларды табиғи ресурстардың жай-күйі туралы уақтылы және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын есепке алу, қазіргі заманғы бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалану негізінде табиғи ресурстық ақпаратты жинақтау, сақтау және өңдеу тәсілдерін стандарттау;

3) ақпараттық ресурстарға жедел санкцияланған қолжетімділікті қамтамасыз ету, мемлекеттік статистикалық есептілікті және шолу-талдау сипатындағы құжаттарды автоматтандырылған қалыптастыру.

6. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін географиялық байланысы, ұйымдық-құқықтық нысаны, меншік және шаруашылық жүргізу түрі, топографиялық-геодезиялық материалдар, статистикалық есепке алу деректері көрсетіле отырып, әрбір есептік кадастрлық объектінің жай-күйі туралы цифрлық түрдегі құжаттамалық мәліметтер құрайды.

7. Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету деректердің салыстырмалылығы мен ақпараттық ресурстардың үйлесімділігін қамтамасыз ететін бірыңғай ұйымдастырушылық, әдіснамалық және ақпараттық тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

8. Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің кіші жүйелерін ақпаратпен толықтыру мен жаңартуды меншік ақпараттық жүйелері бар арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес көрсетілген ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы электрондық түрде жүзеге асырады.

9. Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрылымын мынадай есепке алу объектілері құрайды, олар бойынша мониторингті мынадай арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар:

1) мемлекеттік жер кадастры бойынша – жер ресурстарын басқару саласындағы орталық уәкілетті орган және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

2) мемлекеттік су кадастры (жерүсті және жерасты су объектілері, су ресурстарын пайдалану) бойынша – қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар – тұтас республика бойынша, ал олардың аумақтық органдары – өзендер бассейндері мен әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

3) мемлекеттік орман кадастры бойынша – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – тұтас республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

4) жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастры бойынша – жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – тұтас республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры бойынша – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – тұтас республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

6) жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры бойынша – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – тұтас республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

7) өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік кадастры бойынша – өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган – тұтас республика бойынша, ал өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жүзеге асырады.

10. Кадастрларды жүргізетін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар құзыреті шегінде жыл сайын, есептілік кезеңінен кейінгі айдың 15-күніне қарай Кадастрлардың бірыңғай жүйесін толықтыруды өтеусіз жүзеге асырады.

11. Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген объект туралы деректерде мыналар қамтылуға тиіс:

1) арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен есептік материалдар, объектінің паспорты және статистикалық ақпарат;

2) объектінің кеңістіктіктегі жағдайы туралы картографиялық материал және аумақты кешенді бағалауға қажетті басқа да деректер.

12. "Жер кадастры" кіші жүйесі "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесі деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 16 тамыздағы № 303 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 тамыздағы № 602 бірлескен бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33322 болып тіркелген) "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесін жүргізу және пайдалану қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

13. "Су кадастры" кіші жүйесі мемлекеттік су кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 19-1/718 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12109 болып тіркелген) Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

14. "Орман кадастры" кіші жүйесі мемлекеттік орман кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11387 болып тіркелген) Мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың мемлекеттік мониторингін және орман орналастыруды жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

15. "Жер қойнауы кадастры" кіші жүйесі мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 25 мамырдағы № 393 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17053 болып тіркелген) Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу қағидаларын және Пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

16. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кадастры" кіші жүйесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 43 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26894 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

17. "Жануарлар дүниесінің кадастры (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері бойынша)" кіші жүйесі жануарлар дүниесінің кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/577 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11800 болып тіркелген) Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

18. "Жануарлар дүниесінің кадастры (балық және басқа су жануарлары бойынша)" кіші жүйесі Қазақстан Республикасында балық қоры мен өзге де су жануарларына мемлекеттік кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 245-Ө бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9655 болып тіркелген) Балықтардың және балық аулау объектілеріне жатқызылған басқа су

жануарларының және балықтар мен өзге шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын басқа су жануарларының кадастр кітаптарын жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

19. "Өсімдіктер дүниесінің кадастры" кіші жүйесі өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік кадастры деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 59 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31995 болып тіркелген) Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік мониторингі және мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

20. "Картографиялық деректер" кіші жүйесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес картографиялық деректердің базалық көрсеткіштерімен табиғи жағдайларды интеграцияланған картографиялық бағалауды білдіреді.

21. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін енгізу кезінде "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар ескеріледі.

Қазақстан Республикасы
табиғи ресурстары мемлекеттік
кадастрларының бірыңғай
жүйесін жүргізу қағидаларына
қосымша

Картографиялық деректердің базалық көрсеткіштері:

vga	Өсімдіктер ареалы (полигондар)
vgl	Өсімдіктер ареалы (желілер)
vgp	Өсімдіктер ареалы (нүктелер)
clmka	Өнеркәсіптік, а/ш, а/к объектілер (полигондар)
clmkl	Өнеркәсіптік, а/ш, а/к объектілер (желілер)
clmkp	Өнеркәсіптік, а/ш, с/к объектілер (нүктелер)
dneta	Гидрография және гидроқұрылыстар (полигондар)
dnetal	Гидрография және гидроқұрылыстар (желілер, полигондар шекарасы)
dnetl	Гидрография және гидроқұрылыстар (желілер)
dnetp	Гидрография және гидроқұрылыстар (нүктелер)
hypsl	1:1 000 000 масштабтағы халықаралық график
hypsp	Биіктік белгілері (нүктелер)
lcova	Жер жабындары (полигондар)
lcovl	Жер жабындары (желілер)
lcovp	Жер жабындары (нүктелер)

lml	Энергетикалық инфрақұрылым желілері
physl	Құрлық пен акваториялар түбінің рельефі (желілері)
polta	Әкімшілік бөлініс (полигондар)
poltal	Әкімшілік бөлініс бірліктерінің шекаралары (желілер, полигондар шекарасы)
pplca	Елді мекендер, қалалардың орамдары және күрделі конфигурациялы құрылыстар (полигондар)
pplcp	Масштабтан тыс белгімен көрсетілген елді мекендер, жеке тұрған құрылыстар (нүктелер)
rlrdl	Темір жолдар (желілер)
roadl	Автожолдар, кара жолдар, қысқы жолдар, соқпақтар (желілер)
tsoba	Елді мекендерден тыс барлық кластағы станциялар
tsobl	Көлік құрылыстары (желілері)
les_glpr	Мемлекеттік табиғи орман резерваттары, 2004
les_gpz	Мемлекеттік табиғи қорықтар, 2004
les101	Қарағай, ағаш тектес арша ареалы, 2004 ж
les102	Шырша ареалы, 2004 ж
les103	Майкарағай ареалы, 2004 ж
les104	Самырсын ареалы, 2004 ж
les105	Балқарағай ареалы, 2004 ж
les106	Қайың ареалы, 2004 ж
les107	Көктерек, терек ареалы, 2004
les109	Шаған ареалы, 2004 ж
les110	Сексеуіл ареалы, 2004
les111	Жеміс ареалы, 2004
les112	Өзге балқарағайлар ареалы, 2004
les113	Бұталардың ареалы, 2004 ж
les_hoz	Ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер, 2004
les_hoz2005	Ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер, 2005
les_lsc	Орман селекциялық орталықтары, 2004
les_shells	Орман кадастрының басқа объектілері, 2004
les_gnpp	Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, 2004
fish_hoz2005	Балық кадастры объектілері, 2005
fish_rvp	Балық өсіру кәсіпорындары, 2004
fish_rhp	Балық шаруашылығы кәсіпорындары, 2004
fish_baseyn	Су шаруашылығы бассейндері, 2005
fish_vz	Балық жіберу су қоймалары, 2004
fish_Rpr	Балық кәсіпшілігі аудандары, 2004
fish_Rpu	Балық кәсіпшілігі учаскелері, 2004
gpp_oopt	Мемлекеттік табиғи ескерткіштер, 2004

gpp_oopt2005	Мемлекеттік табиғи ескерткіштер, 2005
an_01	Арқар ареалы, 2004
an_02	Бұлан ареалы, 2004
an_04	Елік ареалы, 2004
an_05	Ақбөкен ареалы, 2004
zoo_oopt	Мемлекеттік зоологиялық парктер, 2004
zoo_oopt2005	Мемлекеттік зоологиялық парктер, 2005
an_06	Сібір тау текесінің ареалы, 2004
an_07	Сілеусін ареалы, 2004
an_08	Қоңыр аюдың ареалы, 2004
gbs_oopt2005	Мемлекеттік ботаникалық бақтар, 2005
an_10	Қабан ареалы, 2004 ж
gnpp_oopt	Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, 2004
gnpp_oopt2005	Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, 2005
gpz_oopt	Мемлекеттік табиғи қорықтар, 2004
gpzak_oopt	Мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2004
gpzak_oopt2005	Мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2005
gpr_oopt	Мемлекеттік табиғи резерваттар, 2004
gpr_oopt2005	Мемлекеттік табиғи резерваттар, 2005
gzz_oopt	Мемлекеттік қорық аймақтары, 2004
gzz_oopt2005	Мемлекеттік қорық аймақтары, 2005
gpz_oopt2005	Мемлекеттік табиғи қорықтар, 2005
an_11	Құдыр ареалы, 2004
an_13	Қасқыр ареалы, 2004
an_14	Қоян ареалы, 2004
an_15	Борсық ареалы, 2004
an_17	Суыр ареалы, 2004
an_raionl	Әкімшілік аудандардың шекаралары, 2004
an_19	Оңдатр ареалы, 2004
an_20	Саңырау құр ареалы, 2004
an_21	Құр ареалы, 2004
an_22	Қырғауыл ареалы, 2004
an_raiona	Әкімдік аудандар, 2004
an_24	Қаз ареалы, 2004
an_25	Түлкі ареалы, 2004
an_26	Үйрек ареалы, 2004
an_27	Шағала ареалы, 2005
an_28	Кекілік ареалы, 2004
an_29	Сарышұнақ ареалы, 2004
an_30	Қоқиқаз ареалы, 2004
an_31	Аққу ареалы, 2005
an_32	Джек құтан ареалы, 2004

an_33	Бірқазан ареалы, 2004
an_34	Жанат тәрізді ит ареалы, 2005
an_35	Шиебөрі ареалы, 2004
an_36	Тау арқары ареалы, 2004
an_37	Ұлар ареалы, 2004
an_38	Сұңқар-ителгі ареалы, 2004
an_39	Құлан ареалы, 2005
an_40	Ақбөкен ареалы, 2004
an_41	Жетісу бақатісі, ареалы, 2004
an_42	Барыс ареалы, 2004
an_43	Боз суыр ареалы, 2004
an_gnpp	Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, 2004
an_gpz	Мемлекеттік табиғи қорықтар, 2005
an_hoz2	Орманбалықанаулаукомитетінің аң аулау алқаптары , 2004
an_hoz4	Жалпыға пайдаланылатын аң аулау алқаптары 2004
an_hoz7	Мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2004
an_hoz8	Қалалардың жерлері, 2005
ohot_hoz2005	Аң аулау шаруашылығы, 2004
les	Орман кадастры, 2004
animal	Жануарлар дүниесі кадастры, 2005
oopt	ЕҚТА кадастры, 2004
fish	Балық кадастры, 2004
resva	Қорықтар (полигондар)
roadp	Жолдарға қолайлы асулар
les108	Емен ареалы, 2004 ж
klim_zona_oopt	Табиғи-климаттық аймақтандыру, 2004
an_03	Қызыл бұғы (марал) ареалы, 2004
an_09	Итбалық ареалы, 2004
an_12	Түлкі ареалы, 2004
an_16	Құндыз ареалы, 2004
an_hoz1	Қаз аңаулаубалықанаулаудағы алқаптарының ареалы 2004
an_hoz3	Басқа пайдаланушылардың аңшылық алқаптары, 2004
gppl_oopt2005	Мемлекеттік орман табиғат ескерткіштері, 2005
gppg_oopt2005	Геологиялық мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 2005
gppgm_oopt2005	Геоморфологиялық мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 2005
gppgd_oopt2005	Гидрогеологиялық мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 2005
gpzakz_oopt2005	Зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2005

gpzakk_oopt2005	Кешенді мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2005
gpzakb_oopt2005	Ботаникалық мемлекеттік табиғи қаумалдар, 2005

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ